

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.І, Ч.4. – Б.35-37

БИДАЙ КЛАСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ӨСІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Абдикаримова Г.А., Даринбаева С.Ж.

Ең тиімді дамыған кластерлер техника мен технология саласы жетік дамыған мемлекеттерде орын алады. Осыған байланысты көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыруда «кластерлік бастамаларды» қолданып, оны барлық өндіріс саласына енгізуге тырысады. Кластердің негізгі ерекшелігі – оның инновациялық бағытталуы.

Осыған байланысты мемлекеттің инновациялық саясатын құруда төрт негізгі форманы атап өткен жөн:

- жаңа технология мен тауарларды қалыптастыру мен енгізуде тікелей бюджеттік қолдау;
- салық саясаты және әкімшілік реттеу арқылы жанама қолдау;
- білім беру саласына инвестиция құю;
- инновацияны жедел дамытуға қажет шаруашылық инфрақұрылымның шекті элементтерін қолдау.

Дамыған елдер тәжірибесінен байқағанымыздай, АҚШ-та ұлттық университеттер негізінде өндірістік технологиялар енгізу орталықтары құрылуда. Бұл әрекет, әсіресе шағын және орта бизнеске, агроөнеркәсіптік кешенге оңтайлы әсерін тигізеді, себебі олар технологияның озық үлгілеріне оңай қол жеткізу мүмкіншіліктеріне ие болады. Қай саладағы болмасын кластерлік құрылымдар білім формаларын өзара біріктіруге қомақты үлес қосады.

Өндіріс, инновация, ғылым дамуының байланысы жаңа техниканы ойлап шығару, оны жасау және өндіріске енгізу барысында пайда болады. Инновациялық процесс келесі стадиялардан құралады: ғылым – техника - өндіріс - қолдану.

Ауыл шаруашылығында жүріп жатқан қазіргі кездегі ғылыми-техникалық саясат өндірудің жаңа сатысына көшуді талап етеді. Ол үшін:

- негізгі өндірістік күштерді, яғни ғылым жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу қарқынын жеделдету;
- өндірістің материалды-техникалық, биологиялық элементтерін автоматтандырылған ауыл шаруашылығына айналдыру;
- өнімділігі жоғары индустриялды творчестволық сипатқа ауысуы үшін жұмыс күшіне жаңа талаптар қою;

- агроөнеркәсіптік кешеннің экономикалық және әлеуметтік нәтижелерін жетілдіру үшін экологиялық таза ауыл шаруашылық өндірісін құру.

Ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін ауыл шаруашылығында қолдану үшін жан-жақты талқыланған, ғылыми тұрғыдан жетілген мемлекеттік инновациялық-инвестициялық саясат қажет. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде инвестиция құюдан басқа, оның инновациялық белсенділігін арттырған дұрыс.

Мемлекетте енгізілетін кластерлік экономиканы дамытуда алғашқы қадамнан бастап прогрессивті мемлекеттерге сай жоғары технологияларды қолданған жөн. Осыған орай бидай өндірісіндегі ауыл шаруашылық кәсіпорындары экономикалық механизмін, бидай және бидай өнімдерін қолдану мен өндіру процестерінің пропорционалды сәйкес келуін, бидай шаруашылығының орнықты даму жолдарын, салааралық баға диспропорциясын анықтау әдістерін модернизациялау керек.

Бұл мәселелердің шешімі капитал сыйымды факторларды ұтымды қолдана отырып қолда бар өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану арқылы табылады. Ресурстық потенциалды өсіру үшін ауыл шаруашылық кәсіпорындарының материалдық-техникалық деңгейін жоғарылату, оларды индустриализациялау, интенсивті технологиялар қолдану керек, ал бұл әрекеттерді жасауға мемлекет қолдауына қарамастын қоғам мүмкіншіліктері шектеулі. Тракторлық және комбайндық парктерді жаңарту үшін 4,3 млрд. АҚШ доллары курсқа байланысты 570-610 млрд. теңге қажет. Мұндай инвестиция көлемі мемлекет үшін тек 10-15 жыл шегінде мүмкін болады.

Экономикалық механизмді модернизациялау мемлекеттегі экономикалық жүйе принциптерін жалпы жаңартуды білдіреді. Модернизацияның берілген бағытындағы мақсаттарды екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, экономиканы ұйымдастырудың негізгі принциптерін жетілдіру, яғни бәсекелестік ортаны дамыту, экономикалық процесстерді либерализациялау, жеке кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, экономиканы дебюрократизациялау және т.б.

Екіншіден, мемлекет экономикасын жетілдіру бойынша нақты жоспарларды тағайындауға болады, яғни оны әртараптандыру, жоғары қосымша құнмен тауар өндіретін салалардағы ЖІӨ көлемін жоғарылату, дамыған индустриялық мемлекеттерге тән қазақстандық экономикада құрылымдық өзгерістер жүргізу.

Екінші бағыт – экономиканы модернизациялаудың институционалды түрі – жүзеге асырудың екі деңгейін қамтуы тиіс. Бұл ескі даму институттарын жаһандану деңгейіне сай жетілдіріп жалпы шаруашылық кешендегі оның орнын арттыру және дамыған нарықтық экономикасы бар мемлекетке тән жаңа институттар құру.

Үшінші бағыт - өндірістік күштерді технологиялық модернизациялау – ұлттық экономиканың технологиялық даму деңгейін қамтиды: «жаңа экономика» салаларын дамыту, нақты сектордағы негізгі қорларды жаңарту,

ЖІӨ-ң энергия және материал сыйымдылығын азайту, еңбек өнімділігін арттыру, шаруашылық субъектілерінің инвестициялық белсенділігін арттыру.

Осыған байланысты Қазақстан тек географиялық тұрғыдан үлкен мемлекет болып қана қарастырылмайды, сонымен қатар даму перспективасы жоғары ірі аграрлық аймақ ретінде қарастырылады. Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешеннің ішінде бидай өндірісі ерекше орынға ие болатынын жоғарыда атап өтілген.

Бидай өндірісіндегі оңтайлы өзгерістер мамандану негізінде өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға, өндіріске жаңа технологиялар мен жер өңдеудің прогрессивті әдістерін енгізуге, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау деңгейінің өсуіне байланысты болды. Республикадағы шұғыл континентальды климатта ылғал сақтайтын технологияларды қолдану және агротехникалық шараларды уақытылы әрі сапалы жүргізу әрекеттері жағымды әсерін тигізуде.

Бидай ресурстарын қолдану динамикасына қарағанда, жиналған астық түсімі ішкі қажеттіліктерді толық қанағаттандырады, ал экспорттық потенциалы бойынша Қазақстанның әлемдік көшбасшы болуына толық мүмкіншілігі бар.

Жалпы Қазақстандық бидай өзінің табиғи сапасына қарағанда Канадалық бидай сұрыптарына тең келеді. Біздің бидайдағы протеин саны 13 % құрайды.

2015 жылға бидай экспорты 8,9 млн. тонн. Құраған, яғни 2014 жылғы экспорт көрсеткіштерімен салыстырғанда 2,2 млн. тонн. өскен (47,6 %), ұн экспорты 339,9 мың. тонн. өскен (30,3 %). Бидай мен ұн экспортынан түскен сома 1542,7 млн. АҚШ долл. көлемінде бағаланады, ал бұл 2016 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 801,4 млн. АҚШ долл. немесе 2,1 ретке жоғары. Бидай экспортын тежейтін мәселенің бірі бидай таситын вагондар санының аздығы, олардың қазіргі кездегі саны 5236 бірлікті құрайды, олар бір айдағы бір ретті айналым шегінде экспортқа 500,0 мың тонна бидайдан артық шығаруға мүмкіншілік бермейді. Ал жоспарланған 10,0 млн. тонна бидайды экспорттау үшін айына 1,0 млн. тонна бидай экспорттау қажет.

Мемлекетте бидай кластерін жетілдірудің өзі инновациялық қызметке жағымды әсер етуі тиіс. Бұл саланы жан-жақты дамыту үшін келесідей әрекеттер жасау керек:

- агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын инновациялық қолдау;
- технологиялық орталықтар, технопарктер және инновациялық инфрақұрылымның өзге сатыларын құруға көмек көрсету;
- инженерлер, менеджерлер, саркетологтар дайындау және қайта дайындау процесін қолға алу;
- инновациялық қызметтің құқықтық негізін жетілдіру.

Сондықтан бұл саланы жетілдіру үшін келесі бағыттарға баса назар аударған жөн:

1. Кластердерді жобалау бойынша әлемдік жаңа тәжірибені қолдана отырып бұрыннан қолда бар территориялық-өндірістік кешендерді іске келтіру;

2. Ауыл шаруашылық кешенінің кластерлерін құру үшін машина паркін жаңартып, тұқым мен тыңайтқыштардың жоғары сапалы түрлерін игеру;

3. Қазақстан бидайы сапасын ескере отырып, шикізатты жоғары деңгейде өңдеу, оны сақтау мен соңғы тұтынушыға жоғары сапамен жеткізу әрекеттерін жетілдіру арқасында экспорттық мүмкіндіктерді жоғарылату;

4. Кластерлердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін ғылыми база, жаңа идеялар мен технологияларды жетілдіретін теория мен шаруашылық жүргізуші тәжірибе арасындағы байланыстырушы сала болатын, кластерлерді ғылыми жабдықтайтын институт құру (ғылыми-зерттеу орталықтары, лабораториялар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар кешені);

5. Нарықтық экономикаға тән мемлекеттік жоспарлау контекстінде бидай өндіру кешенін мемлекеттік жоспарлауда стратегиялық объект ретінде қарастырған жөн.

Бидай өңдеуші кластерді құру келесі артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіншілік береді: Қазақстан бидайының бәсеке қабілеттілігін ішкі және сыртқы нарықтарда өсіреді, бидай және бидай өнімдерін экспорттау көлемін арттыруға мүмкіншілік береді; Отандық бәсекелестер арасында жосықсыз бәсеке деңгейін төмендетуге және баға демпингін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Маркетингтік-талдаулық зерттеулер орталығының» зерттеулері мәліметтері. 2004ж. Алматы.

2. Портер М. Конкурентоспособность кластеров в Казахстане. www.cluster.kz

3. Официальный сайт Агентства по статистике РК www.stat.kz;

4. Post-communist financial and economic development: cluster analysis of selected countries

5. Автор: Reiff, Marian; Tokar, Volodymyr ECONOMIC ANNALS-XXI Том: 161 Выпуск: 9-10 Стр.: 12-17 Опубликовано: DEC 12 2016